

Бекітемін:



«Алтын Салырлық» бөбесжай балабақша
филиалының меңгерушісі
Э.С. Мырсейтова

**Қауіпсіз балабақша
(апталық)**

Қамқоршылық кеңес жоспарына сай

Түркістан қаласы

«ҚАУІПСІЗ БАЛАБАҚША» АПТАЛЫҒЫ

Мақсаты:

- Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау.
- Қауіпсіздік ережелерін үйрету және бекіту.
- Тәрбиешілер, ата-аналар және балалар арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Ұзақтығы: 5 күн (апта бойы).

Қатысушылар: балалар, тәрбиешілер, ата-аналар, медицина қызметкерлері.

I КҮН – «Менің қауіпсіз балабақшам»

- Балабақшадағы қауіпсіздік бұрышымен таныстыру.
- «Қауіпсіздік ережелері» сурет көрмесі.
- Жаттығу: «Қауіпсіздік белгілерін тап» (балаларға түрлі белгілер көрсетіліп, мағынасын түсіндіреді).



II КҮН – «Жолда жүру мәдениеті»

- Тәрбиешінің шағын дәрісі: жаяу жүргінші ережелері.
- «Бағдаршам» ойыны.
- Жаттығу: «Жол белгілерін таны» – балаларға ойын түрінде жол белгілерін үйрету.
- Ата-аналарға арналған кеңес: «Баламен бірге жолда жүру ережелері».



III КҮН – «Өрт қауіпсіздігі»

- Қонақ: төтенше жағдайлар қызметкері.
- «Өрт кезінде не істеу керек?» бейнеролик көрсету.





IV КҮН – «Денсаулык және қауіпсіздік»

- Медицина қызметкерінің дәрісі: «Жеке бас гигиенасы».
- Жаттығу: «Дұрыс қол жуу» тәжірибесі.
- «Денсаулық бұрышы» ұйымдастыру.
- Психологпен ойын: «Мен өзімді қорғай аламын!» (балаларға қарапайым өзін-өзі қорғау тәсілдерін үйрету).



V КҮН – «Қауіпсіздік – бәрімізге ортақ»

- Қорытынды дөңгелек үстел: тәрбиешілер, ата-аналар, балалар.
- «Қауіпсіздік ережелерін білемін» атты викторина.
- Балалардың шағын қойылымы: «Қауіпсіздік ережелерін сақтайық».
- Апталықты қорытындылау, белсенді қатысушыларды марапаттау.







Қорытынды

Бұл апталық балалардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға, қауіпсіздік ережелерін күнделікті өмірде қолдануға және ата-аналар мен тәрбиешілердің бірлескен жұмысын нығайтуға бағытталған.